

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Палымбетов Нұрбол Шаменович, Акылжан Диас Телманулы
dias.akylzhan@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің оқытушысы,
Заң факультетінің 1 курс магистранты. Қазақстан, Астана,

Әлемдегі минералды шикізат ресурсының Қазақстан Республикасы аумағындағы қорының молдығы елдің белсенді түрде сыртқы экономикалық байланыстарға түсуі Қазақстанды шикізаттың, әсіресе көмірсутек шикізатының, халықаралық нарығында маңызды әріптес ретінде танудың алғышарты болып табылады.

Осыған орай, АҚШ Президенті Барак Обаманың «Энергия әлемдік экономиканың әр түйір еті мен тамыры арқылы ағады, ал Қазақстан келесі онжылдықтарда оны ОПЕК құрылымынан тыс әлемдік деңгейдегі жеткізуші елдің біріне айналады», - деген сөзін АҚШ Энергетика министрінің орынбасары Дэниел Понеманның «KIOGE-2009» халықаралық мұнай форумында жеткізуі кездейсоқ оқиға емес [1].

Қазақстан ендігі жерде өзінің халықаралық экономикалық байланыстарын жер қойнауын пайдалану, минералды шикізатты өңдеу, инвестиция салаларындағы қатынастарды реттейтін халықаралық құқық нормаларын тану мен ұстану, басқа елдердің осындай заңдарымен есептесу арқылы дамытатынына көз жетеді. Осы жайт алыс шетелдердегі жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің жайын зерттеуге қозғау салды. Соған орай кейбір елдердің жер қойнауы туралы заңнамасына талдау жүргізіп, олардың Қазақстан заңнамасына сіңіруге оңтайлы қағидаларын өңдеп ұсынып көрейік. Бұл жерде ел атаулының заңдарын талдау іс жүзінде мүмкін де емес, қажеті де жоқ екенін ескерте кетейік. Сол себепті біз пайдалы қазбалардың сыртқы нарығында жетекші орын алып жүрген елдердің жайына зейін қойдық.

Әлемнің көптеген елдерінде мұнай-газ секторы, әдетте, жартылай немесе толықтай жекешелендірілген болады, ал жеке компаниялар кенорындарын өзінің экономикалық мүддесіне орай игереді. Нәтижесінде пайдалы қазба, мәселен, мұнай өндірудің деңгейі мұнайдың ағымдағы және болашақ бағасы мен шикізат базасының таусылу факторы арқылы белгіленеді, сондықтан мемлекеттердің көбі (ОПЕК мүшелерінен басқасы, әсіресе Парсы шығанағындағы Сауд Аравиясы, Кувейт, БАӘ мен Ирак сияқты елдерден басқасы) іс жүзінде мұнайды өздерінің ағымдағы мүмкіндіктерінің шегінде ғана өндіреді.

Тікелей реттеу мүмкіндігі жоқта мемлекет пайдалы қазбалар алу деңгейіне әкімшілік және экономикалық тетіктерді қолдану арқылы ықпал етеді. Бірінші жағдайда ресурстарды бөлу жүйесі арқылы, екінші жағдайда фискалды режим арқылы ықпалын жүргізеді. Бұлардың формасы екі түрлі болғанмен, түп тірегі бір: нәтижесінде мемлекет жер қойнауын пайдалану нысанының тартымдылығын күшейту немесе азайту арқылы өзі мен инвестор арасында экономикалық рентаны бөліседі.

Батыстың көптеген елдерінде кенорындарын игеру барысында жасалған экономикалық рента кенорындарын барлау мен әзірлеуге кеткен капиталдық шығындар мен пайдалану шығындарын алып тастағанда өндірілген пайдалы қазбаларды өткізуден түскен түсім дегенді білдіреді. Мұндайда ресурстарды оңтайлы бөлу жағынан, инвестициялық шешімдер қабылдағандағы сияқты, рентаның жалпы шамасы емес, оның келтірінді құны (мұны таза экономикалық ұтыс деп те атайды) айырықша маңызға ие болады [2].

Дамыған мемлекеттер, оның ішінде: АҚШ, Канада, Австралия мемлекеттерінде жер қойнауын пайдалануға қатысты заңдар мен осы заңдарға түсініктемелерде мұнай-газ потенциалдың төмендеуі мен осы өнімдерді тұтыну деңгейінің жоғарылуы туралы атап айтылды. Мұнай мен газ ресурстарын басқаруды жетілдірудің бірден-бір себебі осы. Әрбір мемлекетте жер қойнауы мен тау-кен саласын реттейтін құқық нормаларын заң шығарушы әр-түрлі жүйелеген. Бұл нормалар дербес құқық саласы ретінде де, басқа ғылым

салаларының ішінде де әркелкі дамыған. Ағылшын-саксондық жүйесіндегі ортақ құқық (the common law) саласында жер құқығы мен жер қойнауын пайдалануды реттеу арасында айырмашылықтар келтірілген. Бұған қарамастан, алтын мен күміс өндірілген жер учаскелерінің (меншік иесі- королева) иелері заң жүзінде осы учаскенің астында орналасқан бүкіл минералдардың иелері болып табылған.

Мұнай-газ ресурстарын басқару туралы АҚШ заңнамасы. Ағылшын ортақ құқығына (common law) сәйкес, минералды шикізаттар мен жер қойнауына меншік, осы ресурстар орналасқан жер учаскелеріне меншік ретінде анықталған. Осыған сәйкес, сот мына принциптерді ұстанған: жер учаскесінің иесі, осы учаскеде табылған және ұңғымаларда өндірілетін мұнай мен газдың, тіпті осы ресурстар іргелес учаскелерден шыққан жағдайдың өзінде меншік иесі болып табылады. Оператор (мұнай мен газды өндіруші жеке немесе заңды тұлғалар) бұрғылау құқығын бұзған және оған кедергі келтірген жағдайларды қоспағанда, іргелес учаскелерден өз ұңғымасы арқылы мұнайды қолдануға құқығы бар.

Америка Құрама Штаттарында, әсіресе мемлекеттің батыс бөлігінде, түгел дерлік жерлер жеке меншікте болмауына орай, «Мұнайға құқық туралы» Заңды «алтын қазба» ережесіне теңеп, «уақыт бойынша озған адамға алғашқы құқық тиеселі» принципін ұстанған. Алтынға деген өрескел қызығушылық ірі компаниялар жер учаскелерін басып алушылар әрекетін қатаң бақылауға алған сәтінен бастап төмендеді. 1900 жылы кен орындарын бақылау, қайта өндіру және өткізу мақсатында «Standard Oil and Richfield» компаниясы құрылды.

Сол кезеңде ағылшындық, австралиялық және американдық заңгер ғалымдардың пікірінше, қазірге заман тұрғысынан мұнай ресурстарын бақылайтын бірден-бір мемлекеттік басқару мекемесі болмаған.

Басты саясаттардың бірі- федералды жерлерді (жер учаскелерін) штаттар арасында бөлу және өтініш білдірушілердің меншік құқығына беру болды. Сонымен қоса заңнамаларда АҚШ-ң федералдық мұнай қорын құру қарастырылған: Калифорнияда 1904 жылы №1 және 1912 жылы №2 мұнай қорлары құрылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мұнай мен газ өнімдеріне сұраныстың артуына байланысты үкіметтің мұнай мен газ кен орындары орналасқан жер учаскелеріне қатысты саясатты өзгертуіне тура келді, жеке тұлғалардың мұнай мен газ орналасқан жер учаскелері абсалютті құқығы шектелді. Алайда, федералдық мұнай қорын құру саясаты өзгермеді; 1915 жылы №3 мұнай қоры (Teapot Dome) және 1923 жылы №4 (Аляскада) мұнай қорлары құрылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, жеке меншіктегі жер учаскелерінде орналасқан бұрғылау мұнараларында мұнай өндіру нәтижесінде пайда болатын газды өртеуге тыйым салынды. Мұнай өнімдерін тұтынуды шектейтін нормативтік шаралар пайда болды: табиғатты қорғау министрі (Secretary of Interior) мұнай мен газ ресурстарын тиімді пайдалану мақсатынды нақты бір аудандарда мұнай мен газ операторларына бірігіп жұмыс істеткізу құқығы берілді.

1924 жылы ең алғаш рет мұнайды сақтау комитеті құрылды (Oil Conservation Board), ал 1935 жылы 19 штат «Штаттар арасындағы мұнайды сақтау туралы» Келісімге қол қойды. Бұл келісім мынадай нормаларды қамтыды: мұнай өндіру нәтижесінде пайда болған газды өртеуге тыйым салу; өрт-сөндіру қауіпсіздігі; өндіру нәтижесінде тиімсіз болған ұңғымаларды қолдануды алдын алу туралы нормаларды орындау; ұңғымаларды бұрғылаудың кеңістік және өзге нормативтері және т.б. Мұнай өндірушілер жалға алу үшін арнайы жерлерді таңдау мақсатымен 1936 жылы Луизиана штатында минералды ресурстар Комитеті құрылды.

АҚШ-ң занамасы мұнай-газ ресурстарын сыртқы континенталды қайран мен құрлық территориясында басқарудың әртүрлі режимдерін орнатты. Соңғы екеуіне байланысты, мұнай мен газ ресурстарын басқару екі типке: федералды мемлекеттік жер ресурстарын басқару мен жеке меншіктегі жерлерді басқару болып бөлінді.

Жеке меншіктегі және мемлекеттік меншіктегі жерлерге ортақ ресурстық басқару институты: ұлттық өзендер, ұлттық парктер мен қорықтар бойында; елсіз аймақтарда; экологиялық осал аймақтарда; тарихи немес археологиялық орындарда және т.б. жерлерде мұнай мен газды барлау мен өндіруге тыйым салу туралы заң нормаларын қамтиды. Қазіргі таңда АҚШ заңнамасына сәйкес, федералдық мемлекеттік жерлердің 40% астам бөлігінде мұнай мен газды барлау және өндіруге тыйым салынған.

Мемлекеттік жерлердің жер қойнауында орналасқан мұнай-газ ресурстарын басқару. Ресурстық басқарудың негізгі институттары болып мыналар табылады: мұнай мен газ ресурстарының әлеуеті бар учаскелерді жалдау шарттары; жер мен орман учаскелерін басқару жоспарлары; ресурстарды басқару жоспарлары; қоршаған ортаға ықпалды бақылау; ресурстарды сақтау шаралары.

1976 жылы қабылданған «Федералдық жер саясаты мен басқару туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік ресурстық басқарудың бірінші кезеңі жерлерді басқару жоспарларын жасау болып табылады. Бұған Табиғи Ресурстар Министрлігі жауапты болады. Ал орман учаскелеріне, «Жаңғыртылған орман мен жайлау ресурстары туралы» Заңына сәйкес, Ауыл шаруашылығы министрлігі жауапты болады.

Мысалы, Орман Қызметі орман ресурстарын басқару жоспарларын жасау барысында: жалға беру мақсатында мұнай мен газ өндіру мен барлау әлеуеті бар учаскелерді анықтайды; содан кейін, орман пайдалану мүдделерін негізге ала отырып, жер учаскесінің беткі қабатын пайдалануға рұқсат беріп немесе тыйым салып, мұнай өндіруге арналған учаскелерді анықтайды және ең соңында, орман алқабында жалға берілуі мүмкін және сонымен қоса, орман учаскесі жоспарына сәйкес келетін нақты жерлерді анықтайды. Орман Қызметінің бұл белгілері Жер басқару Бюросына хабар етіледі. Жер учаскелерін басқару жоспарлары әдетте 15 жылдық мерзімге жасалады.

Жер басқару Бюросының ресурстарды басқару жоспарына сәйкес жер учаскелерінің кейбіреулері мұнай-газ өндірушілеріне жалға беріледі; кейбіреулерін жалға беруге тыйым салынады; үшіншілері- жердің беткі қабатын қолданылмай, тек бүйір бетін бұрғылау үшін жалға беріледі; ал төртіншілері- арнайы шектеулермен жалға беріледі.

Жоспарларды жасау барысында минералды ресурстарды зерттейтін мамандар белгіленген жер учаскелерінде мұнайды табу мүмкіндігін қамтитын мәліметтерді; потенциалды кен орындарының көлемі мен мұнайды барлау мен өндіруге қажетті жабыдықтарды және сонымен қоса, өңдеудің басқа ресурстарға (орман, жер) ықпалын бағалайды.

Сот қоршаған ортаға ықпалды бағалаусыз тіпті ғылыми немесе сынама бұрғылауға қатаң түрде тыйым салады. Жерді басқару Бюросы қоршаған ортаға ықпалды бағалау процессінде теріс нәтижелер көрсеткен жерлерді тізімнен алып тастайды. Соңғы кезең жалға алуға арналған жерлердің тізімін қалыптастыру процессі болып табылады.

Табиғи ресурстар Министрлігі: бірінші кезекте, мұнай газ өндіруші компанияларға конкурстық негізде; екінші кезекте, егер де өтініш білдірушілер арасында сайыс болмаған жағдайда, кез келген өтініш білдірушіге жер учаскелерін жалға беруді ұсынады.

Жалға беру шартының мазмұнына Табиғи ресурстар Министрлігі мынадай нормаларды:

1. Міндетті табиғатты қорғау шарттары, оның ішінде Жер басқару Бюросының бұрғылау жабдықтарының орнын ауыстыру шаралары; мұнай өндіру жұмыстары аяқталғаннан кейін жер учаскесінің сыртқы бөлігін бастапқы қалпына келтіру туралы нұсқаулықтарды;

2. Нақты бір аймақта бірыңғай немесе бірнеше кен орындарын иелерінің бірігіп қолданылуы туралы міндетті нұсқаулықтарды қосуға құқылы.

Ресурстарды жалға беру туралы контрактілер мазмұны мен жерлерді басқару жоспарлары бойынша 15 жылға сай келуі тиіс.

Жеке меншіктегі жер учаскелері қойнауларында орналасқан мұнай-газ ресурстарын басқару. Мұндай басқару штаттардың заңнамасы негізінде жүзеге асады. Штаттардың

көпшілігі заң нормаларында ұңғымалардың көлеміне газ/мұнай және су/мұнай арақатынасына байланысты сәйкестендіріп, өндірудің көлемін арттыруға барынша қолайлы жағдайлар жасады. Жеке меншіктегі қорларда және сонымен қатар мемлекеттік меншіктегі қорларда бұрғылау ұңғымаларында газды өртеуге тыйым салынған.

Мұнай-газ өнімдері қалдықтарын барынша азайту және өнімдерді рационалды қолдану мақсатында штаттар жеке меншіктегі қорларды біріктіріп, пулдар мен бірлестіктер туралы нұсқаулықтарды қабылдады.

1985 жылы мұнай мен газ өндіруші әрбір штат пулдар мен бірлестіктер туралы заңдар қабылдады. Аталған заңдар мұнай-газ қойнаулары орналасқан жер учаскелері иелеріне, оны қолдануға: бұрғылау шығындарының бір бөлігін төлеу арқылы және бұрғылау құқығынан бас тарта отырып; қолдану нәтижесінде алынған табыстың бір бөлігін айырбастап отырып қолдануға рұқсат етіледі.

Штаттардың заңнамасы бойынша мұнай газ өндіретін компаниялар мұнай-газ орналасқан әрбір жер учаскесі иесінің пул туралы ұсынысымен келісуге міндетті. Ал екінші құқықтық модель бойынша, мұнай газ орналасқан жер учаскесі иесі мұнай-газ компанияларына жер учаскесін жалға беруі мүмкін. Мұнай газ компаниялары өз кезегінде жер қойнауындағы минералды шикізаттарды өндіру мен бұрғылауға ерекше құқықтарды иеленуге тырысады, ал жер учаскесі иелері, керісінше, ағылшын ортақ құқығына сәйкес, мұнай-газ компаниясымен жалға беру контрактілік қатынасты орнатып, жалға берушінің құқықтарын сақтауға тырысады. Бұл контрактілер бойынша, жалға алушының жер учаскесін пайдалану ақылға қонымсыз, табыссыз және қажет болмаған жағдайда құқықтарының тоқататылуына әкеп соғады.

Австралияның жер қойнауын пайдалану туралы Заңнамасы. Австралияның жер қойнауын пайдалануды реттейтін құқықтық актілері: 1861 жылы қабылданған «Корона жерлері туралы» Заң; 1992 жылы қабылданған «Тау кен жобалары туралы» Заң, 1982 жылы қабылданған «Көмір шахталары жұмысын реттеу туралы» Заң; 1991 жылы қабылданған «Мұнай туралы» Заң; 1992 жылғы «Минералды ресурстар туралы» Заң.

Австралияда минералды ресурстар ұғымы, басқа мемлекеттерде қолданылатын ұғымдармен салыстырғанда өзгеше болып келеді. Тау-кен құқығы оқулықтарында минералды ресурстар ұғымына мынадай анықтама берілген: жер асты топырағынан өзгешелігі бар жер қыртысындағы бейорганикалық заттар. Алайда әрбір заттың минералды ресурс болып танылуы немесе танылмауы әрқайсысы бөлек қарастырылатын жайттар. Мысалы, құм, тастар, саз-балшық нақты бір себептер мен мән-жайларға байланысты заң тұрғысынан минералды ресурстар болып танылмайды.

«Корона жерлері туралы» Заң 1861 жылы қабылданған, бұл Заңға сәйкес, барлық минералды ресурстар коронаға тиеселі. Әрбір акрдың (1 акр = 4046,8 м²) құны 20 шиллингқа тең, ал егер де 20 шиллинг қоса төленгенде, яғни жалпы 40 шиллинг төленгенде, минералды ресурстар қорына шектеу қойылмаған. Дегенмен, 1989 жылы редакциядағы заңға сәйкес алтын, күміс, көмір мен мұнай Корона меншігіндегі минералдар болып танылған. Бұл дегеніміз, Корона жерлері жеке тұлғаларға берілген реттердің өзінде, минералдарды иелену және билік ету құқығы Коронаға тиеселі болды. Мысал ретінде, «Аборигендер туралы» Заңға сәйкес Корона байырғы жергілікті тұрғындарға және жер иелеріне алтын, күміс, көмір мен мұнайдан басқа барлық минералды ресурстарға иелену құқығын берген.

Бұл Заңның 45(4) - бабына сәйкес, тек Аборигендер Жерлері Кеңесінің рұқсатымен минералды ресурстарды өндіруге рұқсат берілген. Рұқсатнаманы беру кезінде Кеңес кез келген талапты, оның ішінде роялтиді төлеу туралы талапты, қоюға құқылы болған.

«Тау-кен жобалары туралы» Заң. 1992 жылы қабылданған бұл нормативтік акт өзінде екі заңды - 1973 жылы қабылданаған «Тау-кен жобалары туралы» Заң мен «Тау көмірі жобалары туралы» Заңды біріктірген. Сол себепті, Заңның көптеген нормалары 1973 жылғы заңнан алынған, бірақ осы заңда бірқатар өзгерістер енгізілді, атап айтқанда:

- жобалау лицензиясы 2 жылдан 5 жыл мерзімге ұзартылған;
- бағалау лицензиясы қарастырылған;

- учаскелерді бөлуді жеңілдету үшін минералды кен орындардың құқықтық мәртебесі орнатылған;
- рента төлемақысы алынып тасталды.

«Көмір шахталарының қызметін реттеу туралы» Заңда көмір шахталарының қызметін ұйымдастыру мен реттеу, мамандарды аттестациялау, жұмыс қауіпсіздігі ережелерін бақылау, шахталарды қауіпсіздікті сақтау жүйелері мен тәсілдері; танымдық және туристік мақсаттарда шахталарды қолдану; көмір шахталары қызметкерлері істері бойынша мамандандырылған соттың қызметі қарастырылған.

Заңды жүзеге асыру мақсатында губернаторға көмір шахталарының қызметін мен ұйымдастыруға байланысты барлық мәселелерді, оның ішінде: қауіпсіздік; шахта қызметкерлерінің денсаулығы мен тәртіп ережелері; нақты бір материалдар мен заттарды қолдануға тиым салу; ішкі тәртіп ережелері мен жұмыс режимі; көмір шахталары территориясындағы ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын техникалық талаптар мәселелерін реттейтін ережелерді қабылдау міндеті жүктеледі. Шахтаны басқару мынадай схема бойынша жүзеге асырылады: шахта директоры; оның орынбасарлары; директор мен оның орынбасарларының тапсырмаларын орындаушы шахта басшысы.

Басқарушы шахтада болып жатқан барлық өндірістік операцияларды реттеуге өкілеттігі бар, оның құзыретіне лауазымды тұлғаларды тағайындау, оларды жұмыстан босату, қызметкерлерге нормативтер мен ережелерді жеткізу және көмір шахтасының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де қызметтерді орындау кіреді. Көмір шахталарын жалпы бақылау Өнеркәсіп министрлігінің инспекторларына тиеселі. 1979 жылғы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сәйкес, бақылауды жүзеге асыратын 7 инспектор қарастырылған: көмір шахтасының бас инспекторы; бас инспектордың орынбасары; аға инспекторлар; инспекторлар; электр жабдықтарын бақылаушы инспектор.

Көмір шахталарында техника қауіпсіздігі ережелеріне жоғары дәрежеде назар аударылған. Осы себептен, инспекторларға кез келген уақытта көмір шахтасына кіруге, жабдықтарды тексеруге, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерден сауалнама алуға құқығы бар. Жұмыс қауіпсіздігі мен шахта қызметкерлерінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін заңға қайшы іс-әрекеттерді болдырмау болып табылады. Заңның 7-ші бөлімінде көмір шахтасы қызметкерлерінің іс-әрекеттерін саралайтын мамандандырылған Соттың қызметі қарастырылған. Соттың құрамына губернатор тағайындаған аудандық судьялар және осы судьялар қабылдаған ережелер талаптарына сай келетін, тау-кен ісі бойынша мамандар кіреді. Бұл мамандар судьяларға тау-кен ісі бойынша судьяларға кеңес береді.

Мамандандырылған сот ведомстволық бағыныстылық шеңберінде тек өз құзыретіндегі істерді: мамандардың аттесттарының қызметін уақытша тоқтату немесе тоқтатылуы туралы; қызметкерлердің немесе нақты бір тұлғалардың заңда көзделген ережелер мен нормативтер талаптарын бұзуы; статистикалық және есеп құжаттарындағы мәліметтерді беру; уәкілетті инспекторларға қарсылық көрсету және тағы басқа дау-дамайларды қарастырады.

Нақты бір категориядағы істерді қарастыру кезінде, сот істің мәні бойынша қаулы немесе сот бұйрығын шығаруы мүмкін. Аталған шешімдерге наразылық келтірілмейді. Тек кей жағдайларда тұлға жоғарғы сотқа көмір шахтасы қызметкерлері әрекетін саралайтын мамандандырылған соттың шешіміне шағым келтіруі мүмкін.

«Мұнай туралы» Заң бойынша Австралия аумағындағы табиғи күйіндегі барлық мұнай, гелий, көмірқышқыл газы қорлары мемлекет қарамағында болады. Мемлекеттік органдарға мынадай 4 рұқсатнама беріледі: 6 жыл мерзімге барлау, іздестіру мен бұрғылау мақсатында берілетін лицензия; дәл сол мерзімге қорларды бағалау үшін берілетін мінездеме; зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған лицензия; 21 жыл мерзімге өндіру үшін берілетін лицензия. Бұл Заңда, өтініштерді беру тәртібі, оларды қарастыру мен лицензияларды беру, арнайы алымдар және заң ережелерін бақылау жүйесі және қоршаған ортаны қорғау туралы қатаң ережелер қарастырылған. Мысалы, өндірушіге кен орны аумағындағы жерлерді, флора мен фаунаны қалпына келтіру міндеттемесі жүктелуі мүмкін [3].

Ресей Федерациясының Жер қойнауын пайдалану туралы Заңы Ресей Федерациясының 1992 жылы 21 ақпанда қабылданған № 2395-1 «Жер қойнауы туралы» Заңына сәйкес, жер қойнауы – топырақ қабатынан төмен орналасқан, ал топырақ қабаты жоқ кезде – жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі [4]. Осы Заң геологиялық зерттеу, жер қойнауын пайдалану мен қорғау, тау-кен өнеркәсібі мен оған қатысты қайта өңдеу өнеркәсіптерінің қалдықтарын және жер асты сулары мен басқа су айдындарын қолдану, жер қойнауын пайдаланушылардың жеке және технологиялық мүдделері саласында туындайтын қатынастарды реттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Барак Обама, Kazakhstan the International Business Magazine. – 2009. - № 5. – С.29
- 2 Выгон Г.В. Проблема оптимального распределения ресурсов.// журнал «РЦБ: Товарный рынок» . – 2001. - №4(5). – С.7-9.
- 3 Суханов Е.А., Проблемы правового регулирования отношений публичной собственности и новый Гражданский кодекс. // Гражданский кодекс России: проблемы, теория, практика. - М., 1998. - 659 с.
- 4 Ченцова О.И., Законодательство Казахстана о недропользовании: текущий статус, перспективы развития и проблемы законотворчества (взгляд практикующего юриста). // Сборник научных статей юристов юридической фирмы «Эквитас» «Актуальные проблемы гражданского права: вопросы теории и практики». // под ред. Басина Ю.Г. и Ченцовой О.И. // Алматы, 2003. - 211 с.

ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КӨТЕРМЕЛЕУ

Палымбетова Мөлдір Үсенбайқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Заң факультеті, құқықтану мамандығы студенті
Ғылыми жетекші- А.Т. Қалтаева, аға оқытушы

Әйел құқығын қорғау және тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету Омбудсмен қызметінің басымдық бағыттары болып табылады. Әйел құқығын қорғау саласында негізгі осы заманғы мәселелердің бірі әйелдерді қоғам өмірінде екінші кезектегі орын алатын теңсіз құқықты субъекті ретінде бағалайтын қоғамдық сананың кертартпалығы болып табылады. Тіпті орталық мемлекеттік органдармен жұмыста да біз гендерлік қағиданы түсінбеушілік, халықаралық құқық қорғау стандарттарын білмеушілікпен кездесеміз: әйелдер құқығын қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің бәрі бірдей бүгінде өз қызметінде БҰҰ–ның 1979 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы» Конвенция ережелерін, оның үстіне Қазақстанға қатысты тиісті Комитеттің ұсынымдарын басшылыққа алмайды, кейбірі Республиканың халықаралық құқыққорғау міндеттемелерінің басымдық сипатын сезінеді. Алайда, осы Конвенцияның 1- бабында әйелдерге қатысты кемсітуге мынадай анықтама берген ««әйелдерге қатысты кемсіту» ұғымы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез- келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу дегенді білдіреді»